**Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 390 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 қыркүйекте № 35175 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* *С. Жакупова*

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 390 /бұйрығына
қосымша

**Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Жұмыс берушінің қызметін декларациялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 909 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12601 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс берушінің қызметін декларациялау қағидаларында:

3-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі (аумақтық бөлімше) – тиісті әкімшілік аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастарын реттеу саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыратын еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мемлекеттік еңбек инспекторлары – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары.";

5, 6, 7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жұмыс берушінің қызметін декларациялауды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі жұмыс берушілердің өңірлік бірлестіктерімен және аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерімен бірлесіп жүзеге асырады.

6. Жұмыс беруші "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталындағы жеке кабинетінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жұмыскерлердің еңбек құқықтарының сақталуы бойынша жұмыс берушінің қызметі туралы өтініш-декларация (бұдан әрі – декларация) толтырады және оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік министрлігінің "Еңбекті қорғау және қауіпсіздік" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ұйымның орналасқан жері бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне жібереді.

7. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі декларация қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Еңбекті қорғау және қауіпсіздік" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі

туралы шешім қабылдайды. Жұмыс беруші "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталындағы жеке кабинетінде қабылданған шешім туралы хабарлама алады.

8. Жұмыс беруші қызметінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешімді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі құрған жұмыс берушінің қызметін декларациялау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) ұсынымы бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен қабылдайды.

9. Комиссия құрамына міндетті түрде еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі, жұмыс берушілердің өңірлік бірлестігінің және кәсіподақтардың аумақтық бірлестігінің өкілдері кіреді.

Комиссия отырысына Жұмыс берушінің өкілдері қатыса алады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Сенім сертификаты еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды қалыптастырған кезде ескеріледі.

Сенім сертификатын иеленген жұмыс берушіге қатысты бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.";

16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Сенім сертификатының күшін жою туралы шешімді комиссияның ұсынымы бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі қабылдайды және оны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге жолдайды.

17. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі жұмыс берушінің қызметі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келетіні және Сенім сертификатының күшін жою туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға Сенім сертификатын иеленген жұмыс беруші туралы мәліметтер ұсынады.

Сенім сертификатын иеленген жұмыс беруші туралы ақпарат Сенім сертификатын иеленген жұмыс беруші туралы мәліметтерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылады.

18. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің шешімімен келіспеген жағдайда жұмыс беруші оған сот тәртібімен шағымдана алады.";

1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу жөніндегі нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28

желтоқсандағы № 1055 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдар ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту және "Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдар ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 509 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 988 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14625 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту және "Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдар ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 509 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшалар осы тізбеге 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты кірістен айырылу жағдайы бойынша біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 283 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20985 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген шектеу іс-шараларының енгізілуіне байланысты кірісінен айырылған жағдайда біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидаларында:

3-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

8-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс беруші осы Қағидалардың талаптарын сақтамаған жағдайда жұмыскер еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне жүгінеді.".

5. "Ұжымдық шарттардың саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 477 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21739 болып тіркелген) мындай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу және оны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №274 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32955 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөлу қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Комиссияны еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелер құрады. Комиссияның құрамына аумақтық ішкі істер органдарының, білім беру, кәсіпкерлік саласындағы жергілікті атқарушы органдардың, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшенің, өңірлік кәсіпкерлер палатасының және қауымдастықтардың (келісу бойынша), облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерінің ( келісу бойынша) өкілдері кіреді.".

7. "Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 279 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32977 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту, сондай-ақ көрсетілген бұйрықпен бекітілген корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Комиссия құрамына ішкі істер органдарының, білім беру саласындағы органның және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімше өкілдері кіреді.";

78-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органды, сондай-ақ еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдік жұмыскерлер туралы хабардар етеді.".

8. "Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы мәліметтерді жіберу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 26 қаңтардағы № 14 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33936 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітлген Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы мәліметтерді жіберу жөніндегі қағидаларында:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;".

9. "Жазатайым оқиға туралы актіні электрондық форматта еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 26 қаңтардағы №15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33937 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жазатайым оқиға туралы актіні электрондық форматта еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жіберу қағидаларында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;".

10. "Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеу және есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 21 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33955 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеу және есепке алуды жүргізу қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ( аумақтық бөлімшелер) – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның тиісті

әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастарын реттеу саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жұмыс беруші еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы бір тәулік ішінде жұмыс берушінің мемлекеттік тіркелген жері бойынша аумақтық бөлімшеге хабарлайды.";

5, 6 және 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жұмыс беруші еңбек қызметіне байланысты әрбір жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін, тергеп-тексеру материалдарына сәйкес үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазатайым оқиға туралы актіні аумақтық бөлімшеге қағаз және электрондық жеткізгіштерде жібереді.

6. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеуді және есепке алуды жұмыс берушінің мемлекеттік тіркелген жері бойынша аумақтық бөлімше еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйеде жүзеге асырады.

7. Жазатайым оқиға туралы әрбір актіні аумақтық бөлімшемен еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйе арқылы жұмыс берушіден еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы акт келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде енгізіледі, онда мынадай мәліметтер қамтылған:

1) жұмыс берушінің толық атауы, қызмет түрі;

2) жұмыс берушінің заңды мекенжайы;

3) жазатайым оқиға күні және уақыты;

4) жазатайым оқиға болған жер;

5) жазатайым оқиғаға алып келген оқиғаның түрі;

6) зардап шегушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

7) жынысы (ер, әйел);

8) зардап шегушінің жасы;

9) зардап шегушінің кәсібі, лауазымы;

10) жазатайым оқиға (кәсіптік ауру) болған кезде зардап шегуші орындаған кәсіп бойынша еңбек өтілі;

11) нұсқау беру және білімдерін тексеруді өткізу күні;

12) медициналық тексеруден өткен күндері;

13) жұмыс басталғаннан бері толық сағат саны;

14) жазатайым оқиғаның мән-жайы;

15) жазатайым оқиғаның негізгі себептері;

16) жазатайым оқиғаны көрген адамдар;

17) зардап шегушінің жазатайым оқиға кезіндегі жай-күйі;

18) зардап шегушінің жарақат ауыртпалығының дәрежесі;

19) зардап шегушінің диагнозы;

20) жазатайым оқиғаның себептерін жою жөніндегі және жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар;

21) кінә дәрежесі (жұмыс берушінің, жұмыскердің).".

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 390
Өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтар тізбесіне
1-қосымша

Жұмыс берушінің қызметін
декларациялау қағидаларына
1-қосымша

Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне

___________________________________________________

(облыс атауы, Астана, Алматы, Шымкент қалалары)

**Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын сақтау бойынша жұмыс берушінің қызметі туралы өтініш-декларация**

1. ______________________________________________________________

(заңды немесе жеке тұлғаның толық атауы, заңды мекен-жайы)

2. Қызмет түрі _________________________________________________

3. Жұмыскерлер саны ____________ адам

4. Осымен Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын сақтау туралы хабарлаймыз:

| Р/с<br>№ | Еңбек заңнамасы талаптарының мазмұны | Декларация (иә/жоқ) |
|---|---|---|
| 1. | Барлық қызметкерлермен еңбек шарттары жасалды. Еңбек шартын жасағанда шектеулер сақталады | |
| 2. | Еңбек тәртібінің қағидалары бекітілді (бекіту күні) және қолданысқа енгізілді | |
| 3. | Ағымдағы жылға жұмыскерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының кестесі бекітілді, ал оның өндірістік қажеттілікке байланысты өзгеруі еңбек демалысының басталуына дейін кем дегенде екі апта қалғанда жұмыскерге хабарлау арқылы жүзеге асырылады.<br>Қатарынан екі жыл бойы жұмыскерге еңбек демалысын немесе оның бөлігін бермеу, жыл сайынғы ақылы еңбек | |

| | | |
|---|---|---|
| | демалысынан заңсыз шақырып алу жағдайлары жоқ | |
| 4. | Жалақы белгіленген мерзімде толық мөлшерде төленеді. Жұмыскерге тиесілі өтемақы төлемдерін, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу сомасын төлеуде берешек немесе кешіктіру жоқ | |
| 5. | Зейнетақылық және әлеуметтік аударымдар, жұмыскерлерді еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыру жүзеге асырылады | |
| 6. | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс және демалыс тәртібі сақталады. Мерзімнен тыс жұмыстарға, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыстарға заңсыз тарту жағдайлары жоқ | |
| 7. | Өндіріс ұйымдарындағы, оның ішінде қайта құру, жұмыс көлемін қысқарту және адам санын немесе штатты қысқарту кезіндегі өзгерістерге байланысты жұмыс беруші жұмыскерді бір ай бұрын жазбаша ескертеді | |
| 8. | Тәртіптік жауапкершілікке заңсыз тарту фактілері жоқ | |
| 9. | Еңбек шартын заңсыз бұзу фактілері жоқ | |
| 10. | Өндірісте жазатайым оқиғалар жоқ | |
| 11. | Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерге белгіленген мерзімде аттестаттау жүргізілді | |
| 12. | Еңбекті қорғау қызметі бар ( еңбекті қорғау жөніндегі маманның лауазымы) | |
| 13. | Ұйымдардағы жетекші жұмыскерлер және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан және білімдерін тексеруден өтті | |

| | | |
|---|---|---|
| 14. | Барлық жұмыстар мен кәсіптер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар әзірленді және бекітілді | |
| 15. | Жұмыскерлер еңбек жағдайлары бойынша ұжымдық және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілді | |
| 16. | Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлерге бекітілген норма бойынша уақтылы сүт немесе емдік-профилактикалық тағам тегін беріледі | |
| 17. | Еңбекті қорғау жөніндегі басқару жүйесі бойынша ұлттық стандарттар енгізілді | |
| 18. | Ауыр жұмыстарда, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерді мерзімдік медициналық тексерулер жүргізіледі | |
| 19. | Еңбекті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту бойынша іс-шараларды қаржыландыру жүзеге асырылуда | |
| 20. | Өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының қызметі және жабдықтың, механиздердің пайдаланылуы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес келеді | |

5. Сенім сертификатын беруіңізді сұраймын. Қызмет параметрлерінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін мемлекеттік еңбек инспекторларының баруына келісім беремін.

Жұмыс беруші _____________________________________________

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Кәсіподақ органының төрағасы

__________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20__ жылғы "__"_______

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 390
Өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтар тізбесіне
2-қосымша
Жұмыс берушінің қызметін
декларациялау қағидаларына
2-қосымша

__________
облысының
(қаласының)
аумақтық
бөлімшесі

Территориальное
подразделение
______________
области (города)

**ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ СЕНІМ СЕРТИФИКАТЫ**

______________________________________________________ тапсырылады
(заңды немесе жеке тұлғаның толық атауы)
____________________ облысының (қаласының) Бас мемлекеттік еңбек
инспекторы ______________________________________________________
(қолы, тегі, аты-жөні)
М.О.
_______________________ қаласы
20__ ж. ______ Тіркеу № ____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 390
Өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтар тізбесіне
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1055 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Бекітемін:
Жұмыс беруші
___________ _______________________________________________

(қолы)       (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

20___ жылғы ___ ________

Мөр орны (болған кезде)

**Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы №____акт**

Кодтар

1. Жұмыс берушінің толық атауы, қызметінің түрі _______________ "___"

_____________________________________________________________________________

1) жұмыс берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі ___ не жеке сәйкестендіру нөмірі ____

2) жұмыс берушінің мекенжайы: облыс, аудан ____________________ қала, көше, үй №

______________________________________________ "___"

3) жазатайым оқиғаның болған күні және уақыты "___" "___" "___" "___"

(уақыты) (күні) (айы) (жылы)

4) жазатайым оқиға болған жер ______________________________________________ _

_____________________________________________________________________________

(цехты, учаскені, жолды, сондай-ақ жабдықты немесе машинаны көрсету)

5) жазатайым оқиғаға әкеп соққан оқиғаның түрі

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________ "___"

2. Зардап шегушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

3. Жынысы (еркек, әйел) ___________________________________________________ "___"

4. Жасы (толық жасының саны көрсетілсін) _________________________________ "___"

5. Кәсібі, лауазымы _________________________________________________________ "___"

6. Орындау кезінде жазатайым оқиға (кәсіптік ауру) болған осы кәсібі бойынша еңбек өтілі

______________________________________________ "___"

7. Нұсқау беруді және білімдерін тексеруді өткізу күні:

1) кіріспе _____________________________________________________________

2) бастапқы (қайталама) _______________________________________________

3) білімдерін тексеру __________________________________________________

8. Медициналық тексеруден өткен күндері:

1) алдын ала ___________________________________________

2) кезеңдік _______________________________________________

9. Жұмыстың басталуынан бастап толық сағат саны ____________ "___"

10 Жазатайым оқиғаның мән-жайы

_______________________________________________________

_________________________________________________________

_________________________________________________________

____________________________________________________________

11. Негізгі себептері:

1) _________________________________________________ "___"

2) _________________________________________________ "___"

(жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру комиссиясының корытындыларына сәйкес)

12. Жазатайым оқиғаны көрген адамдар ___________________________

____________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы)

13. Зардап шегушінің жазатайым оқиға кезіндегі хал-жайы _____________

____________________________________________________________

(медициналық-сот сараптамасы қорытындысына сәйкес)

14. Жарақат ауырпалығының дәрежесі ________________________"___"

(жеңіл, орташа, ауыр, қайтыс болды)

15. Диагнозы ______________________________________________

(қатты кәсіптік ауру мен улану диагнозын көрсету)

16. Жазатайым оқиғаның себептерін жою жөніндегі және жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар

____________________________________________________________

(негізгі іс-шараларды орындау мерзімдерімен коса көрсету)

17. Кінә дәрежесі: жұмыс берушінің _________, жұмыскердің _________

Актіні жасаған:

Жұмыс берушінің өкілі _______________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы)

Жұмыскерлердің өкілі_________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы)

Мына адамның қатысуымен:

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілі ______ ___________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы)

**Еңбек қызметіне байланысты өндірістегі жазатайым оқиға туралы актіні толтыруға түсіндірмелер**

Акт жалпы қабылданған (белгіленген) терминдерге және осы актіге қосымша арнайы әзірленген жіктемелерге сәйкес толтырылатын мәтін және кодтар бөліктерінен тұрады.

Кодтауды жұмыс беруші жүргізеді.

1-тармақ. Ұжымның толық атауы көрсетіледі, ал қызметінің түрі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуіші. Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішіне сәйкес кодталады.

1-тармақтың 2) тармақшасы. Аумағы әкімшілік-аумақтық органдарды белгілеу жүйесі бойынша кодталады.

1-тармақтың 3) тармақшасы. Уақыты, күні мен айы олардың реттік нөмірімен, жылы соңғы екі санмен кодталады. Мысалы: 11 сағат 45 минут, 22 маусым 2000 жыл – "11" "22" "06" "00".

1-тармақтың 5) тармақшасы. Жазатайым оқиғаға әкеп соққан оқиғаның түрі қоса беріліп отырған жіктеуішке сәйкес көрсетіледі және кодталады.

**Жіктеуіштер Жазатайым оқиғаға әкеп соққан оқиғаның түрі**

1. Ұйымның көлігінде болған жол-көлік оқиғасы;
2. Қоғамдық көлікте болған жол-көлік оқиғасы;
3. Жеке меншік көлікте болған жол-көлік оқиғасы;
4. Теміржол көлік оқиғасы;
5. Әуежол көлігі оқиғасы;
6. Сужол көлігі оқиғасы;
7. Зардап шегушінің құлауы;
8. Зардап шегушінің биіктен құлауы;
9. Заттардың, материалдардың, жердің және т.б. құлауы, қирауы, опырылуы;
10. Қозғалып жүрген, ұшып жүрген, айналмалы заттар мен бөлшектердің әсері;
11. Электр тоғымен зақымдану;
12. Шектен тыс температуралардың әсері (өрт);
13. Зиянды және қауіпті өндірістік факторлар мен заттардың әсері;
14. Иондаушы сәулелердің әсері;
15. Шамадан тыс жүктемелер;
16. Жануарлармен және жәндіктермен жанасу нәтижесіндегі зақымдану;
17. Суға бату;
18. Кісі өлтіру немесе денесіне зақым келтіру;
19. Сұрапыл зілзала кезінде зақымдану;
20. Кәсіптік ауру және улану;

21. Оқиғалардың басқа түрі.

3-тармақ. Жынысы кодталады: 1-еркек; 2-әйел.

4-тармақ. Жазатайым оқиғаға душар болған сәтінде зардап шегушінің толық жасының саны көрсетіледі және кодталады. Мысалы: 35 жас 3 ай – "35".

5-тармақ. Кәсібі (лауазымы) жұмысшылар кәсіптерінің, қызметшілер лауазымдарының және тарифтік разрядтардың жалпы жіктеуіші бойынша кодталады.

6-тармақ. Жазатайым оқиға болған кездегі жұмысындағы еңбек өтілінің толық саны көрсетіледі. Мысалы: 15 жыл 8 ай – "15".

Егер өтілі бір жылдан кем болса, онда мәтіндік бөлігінде айлардың (күндердің) саны көрсетіледі, ал 00 болып кодталады. Мысалы: 9 ай 2 күн – "00".

9-тармақ. Зардап шегушінің жұмысы (ауысымның) басталуынан жазатайым оқиға болған кезге дейінгі толық сағаттар саны көрсетіледі және кодталады.

11-тармақ. Қоса беріліп отырған жіктеуішке сәйкес жазатайым оқиғаның екі себебіне дейін (жазатайым оқиғаның себептері) - негізгі (бірінші болып кодталады) және жанамасы көрсетіледі және кодталады.

Жіктеуіштер (жазатайым оқиғаның себептері)

1. Жұмыс аймағындағы ауаның шамадан тыс тозаңдануы мен газдануы;
2. Шудың жоғары деңгейі;
3. Тербелістің жоғары деңгейі;
4. Иондаушы сәулелердің жоғары деңгейі;
5. Жұқпалы ауру көздерімен қарым-қатынас (аурудың атауы көрсетіледі);
6. Шамадан артық жүктемелердің адам организміне әсері;
7. Машиналар, механизмдер және жабдықтардың құрылысындағы кемшіліктер;
8. Ақаулы машиналарды, механизмдерді және жабдықтарды пайдалану;
9. Технологиялық процестердің бұзылуы;
10. Көлік құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарының бұзылуы;
11. Автожол қозғалысы ережелерінің бұзылуы;
12. Теміржол қозғалысы ережелерінің бұзылуы;
13. Әуежол қозғалысы ережелерінің бұзылуы;
14. Сужол қозғалысы ережелерінің бұзылуы;
15. Авариялар;
16. Жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы;
17. Ғимараттардың, құрылыстардың техникалық қанағаттанғысыз жай-күйі аумақтардың ұсталуы, жұмыс орындарының ұйымдастырылуындағы кемшіліктер;
18. Еңбек қауіпсіздігі тәсілдерін оқытудағы кемшіліктер;
19. Жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілмеуі немесе қолданбауы;
20. Ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілмеуі;
21. Еңбек және өндіріс тәртіптерін бұзу;
22. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзу;

23. Белгіленген еңбек режимін бұзу;

24. Зардап шегушінің өрескел абайсыздығы.

12-тармақ. Жазатайым оқиғаны тікелей көргендердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

13-тармақ. Медициналық сот сараптамасының қорытындысы болған кезде зардап шегушінің дене жай-күйі, алкогольді немесе есірткілі мас күйде болуы көрсетіледі. Егер медсотсараптама өткізілмесе, "медсотсараптама өткізілмеді" деп көрсетіледі.

14-тармақ. Зардап шегушінің жарақат ауыртпалығының дәрежесі медициналық ұйымның жазатайым оқиға сәтіндегі қорытындысы негізінде толтырылады.

Зардап шегушінің жарақат ауыртпалығының дәрежесі

01. Жеңіл жарақат

02. Орташа жарақат

03. Ауыр жарақат

04. Қайтыс болды

15-тармақ Кәсіптік патологиялық сарапшы комиссияның қорытындысы негізінде толтырылады.

Өндірістегі кәсіптік ауру мен улану жағдайы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-301/2020 бұйрығымен бекітілген Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидаларына сәйкес жиналған құжаттар мен материалдар негізінде осы нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21862 болып тіркелген).

Бұл жағдайларда Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы актіге Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілі қол қояды.

17-тармақ. Егер зардап шегушінің өзінің өрескел абайсыздығы оның денсаулығына келетін зиянның пайда болуына немесе артуына әсер етсе, бұл жағдайда жұмыс беруші мен зардап шеккен қызметкер кінәсінің дәрежесін осы жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру комиссиясы пайызбен айқындайды. Егер қызметкер тарапынан өрескел абайсыздық болмаса, онда 17-тармақ жұмыс берушінің кінәсі - 100 %, ал жұмыскердің кінәсі - 0% болып толтырылады.

17-тармақта үшінші жақтардың (зардап шеккен жұмыскер еңбек қатынастарында болмаған) кінәсі көрсетілмейді.

Ескертпе:

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 190-бабының 9-тармағына сәйкес тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жазатайым оқиға туралы актінің бір данасы зардап шеккен адамға немесе оның сенім білдірілген адамына беріледі, бұдан басқа мыналарға:

1) жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымына;

2) аумақтық бөлімшеге қағаз және электрондық жеткізгіштерде;

3) улану жағдайында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға жіберіледі.

Осы Актіде қолданылатын кейбір сөз тіркестерінің, терминдер мен белгілердің жазылуы

1. Кәсіптік ауру және улану – қауіпті және зиянды өндіріс факторлары мен заттардың әсер етуі нәтижесінде туындаған қатты және созылмалы кәсіптік ауру, улану .

2. Қатты кәсіптік аурулар мен уланууларға зиянды және қауіпті өндірістік факторлар бір рет (бір жұмыс ауысымы ішінде) әсер еткеннен кейін кенеттен шекті рұқсат етілген қоспалардан немесе шекті қолжетімді деңгейлерден едәуір асып кеткен кезде дамыған аурулар жатады.

3. Созылмалы кәсіптік ауруларға (улануға) зиянды заттардың, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың ұзақ уақыт бойы әсер етуінің салдарынан пайда болған аурулар жатады. Созылмалы ауруларға (улануға) қатты, сондай-ақ созылмалы кәсіптік аурулардың жақын арадағы немесе көп уақыт өткеннен кейінгі салдары (жүйке , жүрек қан тамырлары, гепатобилиарлы жүйелерінің және басқа да жүйелердің өндірістік улармен улануының салдарынан пайда болатын тұрақты организм өзгерістері) жатады. Есте сақтайтын бір жағдай, кәсіптік аурулар зиянды және қауіпті затпен, өндірістік фактормен жұмысты тоқтатқаннан кейін, ұзақ уақыт өткен соң пайда болуы мүмкін (кеш пайда болатын силикоздар, бериллиоз, қуықтың папилломасы, қатерлі ісіктер). Кәсіптік ауруларға, сондай-ақ дамуында кәсіптік ауру оның аясы немесе қатер факторы болған аурулар (асбестоз, силикоз немесе шаң бронхитінің негізінде пайда болған өкпе обыры) да жатады.

Қазақстан Республикасы<br>Еңбек және халықты әлеуметтік<br>қорғау министрі<br>2024 жылғы 30 қыркүйектегі<br>№ 390<br>Өзгерістер енгізілетін<br>кейбір бұйрықтар тізбесіне<br>4-қосымша

Қазақстан Республикасы<br>Денсаулық сақтау және<br>әлеуметтік даму министрінің<br>2016 жылғы 28 қарашадағы<br>№ 988 бұйрығына<br>1-қосымша

Әкімшілік деректерді<br>жинауға арналған нысан

**"Мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы мәліметтер"**

Есепті кезең 20___ жылғы ________ тоқсан

Индекс: 1-МЕИ

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын адамдар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде

| № | Көрсеткіштер | Жиыны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ағымдағы жылы | | Өткен жылы | |
| | | 20__ жыл | | 20__ жыл | |
| | | есепті кезең | жылдың басынан | есепті кезең | жылдың басынан |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Мемлекеттік еңбек инспекторларының саны | | | | |
| 2. | Тексерілетін ұйымдардың саны | | | | |
